

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

Қажымұхан Айсана Саматханқызы

Алматы облысы Сарқанд ауданы Есеболатов елді мекенін жерасты ауыз су қорымен қамтамасыз ету үшін іздеу барлау жұмыстарын жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Мамандығы 5В070600 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
МжГГ кафедрасының меңгерушісі,
геол-минерал. ғыл.канд,
ассоц. профессор

 Т.А.Енсеппбаев

“ 20 ” 05 2019ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Алматы облысы Сарқанд ауданы Есеболатов елді мекенін жерасты ауыз су қорымен қамтамасыз ету үшін іздеу барлау жұмыстарын жобалау”

Мамандығы 5В070600 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау

Орындаған



Қажымұхан А.С.

Ғылыми жетекші
ассоц. профессор
Әуелхан Е.С.


“ 18 ” мамыр 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

5В070600 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау

БЕКІТЕМІН

МжГГ кафедрасының меңгерушісі,
геол-минерал. ғыл.канд,
ассоц. профессор

Т.А.Енсепаев

“ 03 ” 05 20 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы : *Қажымұхан Айсана Саматханқызы*

Тақырыбы : *Алматы облысы Сарқанд ауданы Есеболатов елді мекенін жерасты ауыз су қорымен қамтамасыз ету үшін іздеу барлау жұмыстарын жобалау*

Университет Ректорының 2018 жылғы "17"қазан №1168-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы "30" сәуір

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: *Диплом алды практикада жиналған сызба және жазба материалдары*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Жалпы бөлім

б) Арнайы бөлім

в) Жобалау бөлімі

г) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1. Ауданның гидрогеологиялық картасы 1:100000

2. Ауданның геологиялық құжаттамасы






Ұсынылатын негізгі әдебиет 8 атаудан тұрады.

1 Ахмедсафин У.М., Подземные воды песчаных массивов южной части Казахстана. Изд.АН КазССР, Алма – Ата, 1951. 12 – 15 б .

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтарының тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Жалпы бөлім	05.03.2019 – 28.03.2019	
Арнайы бөлім	29.03.2019 – 09.04.2019	
Жобалау бөлім	10.04.2019 – 30.04.2019	
Экономикалық бөлім	30.04.2019 – 10.05.2019	

Аяқталған дипломдық жобаның бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атаулары	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (Ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Жалпы бөлім	Әуелхан Е.С. к.т.н., ассоц. проф.	20.03.2019	
Арнайы бөлім	Әуелхан Е.С. к.т.н., ассоц. проф.	10.04.2019	
Жобалау бөлім	Әуелхан Е.С. к.т.н., ассоц. проф.	25.04.2019	
Экономикалық бөлім	Әуелхан Е.С. к.т.н., ассоц. проф.	10.05.2019	
Норма бақылаушы	Кульдеева Э.М. PhD докторы, тьютор	12.05.19	

Ғылыми жетекшісі, ассоц. профессор

Тапсырманы орындауға білім алушы

Күні



Е.С.Әуелхан

Қажымұхан А.С.

«19» 10 2019ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты: Алматы облысы, Сарқанд ауданы, Есеболатов елді-мекенін жерасты ауыз су қорымен қамтамасыз ету үшін іздеп-барлау жұмыстарын жобалау болып табылады.

Жобаның әдістемесі: Жұмыс телімі бойынша жарыққа шыққан және фондылық материалдар зерттелді. Бұрғылау, іздеу - барлау жұмыстарына арналған ұңғымадағы геофизикалық зерттеулер, тәжірибелік - сүзулік жұмыстар, режимдік бақылау жұмыстары жобаланады.

Дипломдық жоба 37 беттен, 9 қосымшадан, 2 картадан тұрады және иллюстрациялық презентациямен бірге жүреді.

Негізгі сөздер: Жерасты ауыз су қоры, жобалық ұңғыма, бұрғылау, ұңғыма.

АННОТАЦИЯ

Цель проекта: Проектирование поисково-разведочных работ для обеспечения запасами подземных вод поселка Есебулатова Саркандского района Алматинской области.

Методика проекта: Изучены материалы, вышедшие в свет по рабочему участку и фондовые материалы. Проектируются буровые, экспериментальные и фильтрационные работы, а также геофизические исследования, режим мониторинга скважин на поисково – разведочные работы.

Дипломный проект состоит из 37 страниц, 9 приложений, 2 карт, а также в сопровождается иллюстративной презентацией.

Ключевые слова: Подземный запас питьевой воды, проектная скважина, бурение, скважина.

ANNOTATION

The purpose of the project Design exploration to ensure that the groundwater resources of the village Esbulatova Sarkand district of Almaty region.

The project methodology: The materials published on the working site and stock materials were Studied. Designed drilling, experimental work and reservoir and geophysical exploration, monitoring of wells for exploration.

The diploma project consists of 37 pages, 9 applications, 2 maps, and is accompanied by an illustrative presentation.

Key words: Underground supply of drinking water, project well, drilling, well.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтері	8
1.1 Жұмыс ауданының орналасуы мен экономикасы	8
1.2 Климаты	8
2 Ауданның геология-гидрогеологиялық жағдайларына қысқаша сипаттама	10
2.1 Жұмыс телімінің геологиялық құрылымы	10
2.1.1 Стратиграфиясы	10
2.2 Тектоникасы	10
3 Жобаланатын жұмыстардың түрі, көлемі мен әдістемесі	15
3.1 Бұрғылау жұмыстары	15
3.1.1 Ұңғыма конструкциясының негіздемесі	16
3.1.2 Бұрғылау тәсілі мен бұрғылау станогын таңдау	17
3.1.3 Бұрғылау агрегатын жөндеп-бөлшектеу	17
3.1.4 Ұңғыма конструкцияларының негізі	18
3.1.5 Ұңғыманы бұрғылау технологиясы	18
4 Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеу	19
4.1 Ұңғымалардың сазсыздануы	19
4.2 Тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар	20
4.2.1 Тәжірибелік сұтартуларға дайындық және тоқтату	20
4.2.2 Сынамалық және тәжірибелік жеке сұтартулар	21
4.3 Ұңғыма сағасын жабдықтау	22
4.4 Ластанған топырақтарды қайта құнарландыру	23
4.5 Режимдік бақылаулар	24
4.6 Судың сынамасын зертханалық тексеру және сынамалау	25
4.7 Камералдық жұмыстар	25
Қорытынды	28
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	29
Қосымша	30
А қосымшасы Аймақтың шолу картасы	30
Б қосымшасы Сужинағыш аумағының жалпы түрі	31
В қосымшасы Ұңғыманың геология литологиялық қимасы	32
Г қосымшасы Жобаланатын жұмыстардың көлемі мен түрі	33
Д қосымшасы Экономикалық бөлімнің есептеулері	34
Ж қосымшасы Гидрогеологиялық картасы және қимасы	37
К қосымшасы Геологиялық техникалық құжаттамасы	38

КІРІСПЕ

Мәселенің қойылуы және өзектілігі.Тұрғындарды таза, сапалы сумен қамтамасыз ету— халықтың денсаулығын жақсарту үшін маңызды тапсырма, сондықтан бұл мәселе өте маңызды болып табылады. Қазақстанда елді-мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету барлық аймақтарда үлкен мәселелердің бірі.Жобада жерасты суларының мониторингін ұйымдастыруды және телімде қордың ластануы мен таусылуынан кенорынының қорғауды, сол сияқты ұңғымадан суды тұтыну телімдеріне дейін суды тасымалдау процесінде, судың химиялық құрамын сақтауды қамтамасыз ететін жерасты суларын алудың оптималды сұлбасын жүзеге асыру ұсынылады.

Жобаның негізгі мақсаты.Алматы облысы, Сарқанд ауданы, Есеболатов елді-мекенін жерасты ауыз су қорымен қамтамасыз ету үшін іздеп - барлау жұмыстарын жобалау болып табылады.

Практикалықмаңызы.Гидрогеологиялық және геоэкологиялық маршрутты зерттеулер жүргізілді. Маршруттар елді-мекендер мен алаңдар аумағының геология-гидрогеологиялық және геоэкологиялық жағдайларын зерттеу, қазіргі сумен қамтамасыз ету сұлбасын анықтау, елді-мекендегі тұрғындар саны туралы дерек жинау, жерасты суларын ластаушыларды анықтау, Сарқанд ауданында, ауылдық округтердің әкімдерімен жобалық ұңғыманы орналастыру орнын алдын ала анықтау мақсатында жүргізілді. Жобамен қарастырылып отырған іздеп – барлау гидрогеологиялық ұңғымаларын бұрғылау мен оларды сынамалау жерасты суларының сапалық және мөлшерлік сипаттамаларын зерттеу, жерасты сулары қорларын бағалау мақсатында гидрогеологиялық параметрлерді анықтау мен елді-мекендерді шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін жерасты суларын барлаудың негізгі әдісі болып табылады

Жобаның көлемі мен құрылысы.Жоба төрт бөлімнен тұрады. Олар: жалпы бөлім, арнайы бөлім, жобалау бөлім және экономикалық бөлім. Әр бөлім сәйкес карталар, суреттер, кестелер және сызбалармен толықтырылған.

1 Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтер

1.1 Жұмыс ауданының орналасуы мен экономикасы

Жобалық іздеп-барлау жұмыстары аумағы L-44-XX парақта орналасқан және $45^{\circ}20' - 46^{\circ}00' \text{с.е.}$ $81^{\circ}00' - 82^{\circ}00' \text{ш.б.}$; координатпен шектелген. Әкімшілік бөліну бойынша Алматы облысының Сарқанд ауданына жатады.

Елді – мекенге Сарқанд аудан орталығы жақын орналасқан, зерттеу телімімен асфальтталған жолмен байланысады. Облыс орталығы Талдықорған қаласы болып табылады. Аудан тұрғындары көп ұлтты.

Телім орографиялық қатынаста Жоңғар Алатауының солтүстік-батыс баурайларының тауалды жазығын ашады. Абсолюттік белгілер 780м-ден 530м-ге дейін өзгереді. Бедердің төмендеуі солтүстік бағытта байқалады. Жер бетінің еңісі 0,010,012, ал аллювиалды жазық шекарасында – 0,003 жетеді.

Аз адырлы аллювиалды-пролювиалды жазықтық 480 - 600м дейінгі абсолюттік белгілерді иеленеді. Оның беті солтүстіктен оңтүстікке қарай тегістеледі. Сужинағыш ауданында гидрографиялық торап Балқаш сулы алабына жатады.

Ірі сулы артериялар Лепсі, Басқан, Сарқанд, Ақсу, Биен және басқа да ұсақ «Қарасу» типтес өзендер болып табылады. Өзендердің беткі ағысының қалыптасу облысы Жоңғар Алатауы болып табылады. Ақсу және Лепсі өзендерінің қоректенуі қарлы-мұздақтардан. Лепсі өзені ауданның ең үлкен сулы артериясы. Таудан жазыққа шығатын өзен ағысының нормасы $28,1 \text{ м}^3/\text{сек}$ құрайды. Өзендердің максималды шығындары шілдеде, минимумы қаңтарда байқалады.

Сужинағыш телімі Сарқанд өзені аңғарында орналасқан. Сарқанд өзені биік таулы белдемнен бастау алады, оның қоректенуі Лепсі өзеніне ұқсас. Сарқанд өзенінің ағыс нормасы $6,67 \text{ м}^3/\text{сек}$.

1.2 Климаты

Зерттеліп отырған аумақтың климаты күрт континенталды, жазы ыстық, қысы суық. Ауаның кері температуралы қарашадан наурызға дейін бес айда байқалады.

Климатты сипаттау үшін Сарқанд, Лепсі, Матай және Ақсу метеостанцияларындағы бақылау нәтижелері пайдаланылды. Ауданның температуралық режимін климаттың континенталдылығы көрсетеді.

Температураның абсолютті минимумы -52°C (Лепсі станциясы), ал максимумы 44°C (Матай станциясы) жетеді.

Ауданда ауаның ылғалдылығы үлкен емес. Ауаның орташа жылдық абсолюттік ылғалдылығы 6,2 - 6,5 дейін өзгереді. Шілдеде максималды, қаңтарда минималды. Қатысты ылғалдылық 50-70пайыз шектерде. Атмосфералық жауын-шашындар біркелкі таралады, негізінен жергілікті

жердің абсолюттік биіктігімен анықталады: абсолюттік белгілері жоғары болған сайын, атмосфералық жауын – шашын мөлшері жылына 197мм -ден (Матай ст.) 640мм –ге дейін (Лепсі ст.).

Жылдың жылы мерзімінде жауын – шашындартасымалдану мен булануға шығындалады. Сондықтан, жерасты суларының қоректенуінде үлкен ролді қыс – көктемгі жауын-шашындар иеленеді.

Желдер солтүстік – батыс бағытта. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 1,2-5,4 м/сек. Желдердің ең үлкен жылдамдығы 20-25м/сек.

Қар жамылғысы аз және тұрақсыз. Қардағы ылғал қоры ауданның солтүстік бөлігінде 40-50мм және тауалды жазығының жоғарғы бөлігінде 80-90мм құрайды. Қыс мерзімінде қардың қатты булануы болады.

Атмосфералық жауын-шашындардың минералдылығы0,1г/л жоғары емес, олардың құрамы гидрокарбонатты кальцийлі.

2 Ауданның геологиялық-гидрогеологиялық жағдайларына қысқаша сипаттама

2.1 Жұмыс телімінің геологиялық құрылымы

2.1.1 Стратиграфиясы

L-44-XX парағы аумағының геологиялық құрылымында Солтүстік–Жоңғар құрылымдық-фациалды белдемінің құрамына кіретін, девон мен таскөмір жүйелерінің түзілімдері қатысады.

Палеозой іргетасының үлкен бөлігі(шамамен 90пайыз)палеоген, неоген және төрттік жүйелердің түзілімдерімен қайта жабылған.

Девон жүйесі. Девонның үздіксіз қимасында (төменнен жоғарыға қарай): Сарқанд (D_{1-2sr}) және живет ярустары (D_{2zv}) бөлінеді.

*Палеоген жүйесі (P).*Зерттеліп отырған аумақта палеоген түзілімдері алғаш рет неоген-төрттік шөгінділермен белгіленген.

*Палеоцен (P).*Палеоцен түзілімдері ойпаттың барынша төмендеген бөліктерінде 373-942м тереңдікте бұрғылаумен ашылған және құмның линзалары мен қабатшалары бар гравийлі-малтатастар және қызыл түсті саздармен ашылған.

Неоген жүйесі (N)

Неоген түзілімдері зерттеліп отырған аумақта жер бетінде ашылмайды. Олар таулы бөлігінде шайылған, ал қалған алаңда төрттік түзілімдермен жабылған.

Төрттік жүйе. Аудан аумағының 90пайыз алып жатыр.

*Қазіргі түзілімдер (Q_{IV})*барлық жерде таралған. Генезисі бойынша бұл аллювиалды, аллювиалды-көлдік және эолды түзілімдер. Олар таулы бөлікте

2.2 Тектоникасы

Қарастырылып отырған аумақ тектоникалық қатынаста Сарқанд және Тастау белдем тармақтарында герциндік консолидациясымен жапсарласуда, Жоңғар-Балқаш қатпарлы жүйесінің, Солтүстік-Жоңғар мегабелдемі шектерінде орналасқан. Соңғылар өзара Сандықтас-Шолақ аймақтық жарылымдары арасында шектелген.

Сарқанд белдем тармағы

Ауданның оңтүстік жартысын алып жатыр және Сарқанд көтерілімі мен Сарқанд ойпатын қамтиды.

Сарқандкөтерілімісинклиналды ашылған. Дефляция мен эолды аккумуляция аумақтың солтүстік және солтүстік-батыс бөліктерінде дамыған, онда эолды құмдар таралған.

Эрозиялық әрекет негізінен өзен аңғарларын қалыптастыратын, уақытша және тұрақты су кұйылыстарымен жүзеге асырылады.

Жеке телімдердің батпақтануы Алтай көлі мен Басқан өзенінің төменгі ағысында байқалады. Топырақтың сорлануы грунт сулары деңгейі жақын жатқан телімдерде белгіленеді. Мұндай телімдерде сульфатты-хлоридті, натрийлі-магнийлі кұрамды сортаңдар пайда болады.

Телімнің орналасу ауданы Жоңғар – Балқаш катпарлы жүйесінің, Солтүстік – Жоңғар белдемінде орналасқан. Ол герциндік шоғырланудың, Сарқанд және Тастау кұрылымдық – формациялық белдем тармағын қамтиды, олар өзара Сандықтас – Шолақ аймақтық жарылымымен шектелген.

Сарқанд белдемтармағы Ақсу кенорыны алаңының оңтүстік жартысында таралған және аттас синкиналмен ашылған. Синкиналдың қанаттары тақтатасты жансүгір свитасынан, ядросы живет ярусының кұмдақтарынан тұрады. Созылысубенді.

Жарылымдық бұзылыстар. Жарылымдық тектоника аудан алаңында геологиялық кұрылымның дамуында айтарлықтай ролді атқарды. Жарылымдардың үш жүйесі бөлінеді: субенді, солтүстік – шығыс және солтүстік – батыс.

2.3 Жұмыс телімінің гидрогеологиялық жағдайына қысқаша сипаттама

Аумақта морфоқұрылымдық және геология-құрылымдық кұрылымына сәйкес екі гидрогеологиялық аудан бөлінген, олар жерасты суларының таралуы, жатысы және қалыптасу жағдайларымен ажыратылады.

Бірінші ауданның ені 3-7км, аумақтың оңтүстік шекарасы бойында орналасқан. Бұл аудан морфологиялық 1600-2000м абсолюттік белгілермен сипатталатын, Алатау көтерілімімен сипатталған.

Екінші аудан зерттеліп отырған аумақтың 90пайыз алып жатыр және морфологиялық аккумулятивті жазықтықпен ашылған, оның абсолюттік белгісі 450 – 520м шектерде өзгереді. Жер беті көтеген өзен аңғарларымен бөлінген.

Қазіргі аллювиалды – көлдік түзілімдердің сулы горизонты (aQ_{IV}) аумақтың солтүстік бөлігінде, Бақалы өзенінің төменгі бөлігінде, Алтай көлі мен Талтан шатқалында таралған. Сулы таужыныстары малтатастар мен ұсақ түйірлі сазды кұмдар болып табылады. Түзілімнің қалыңдығы 10 м.

Жоғарғы төрттік –қазіргі аллювиалды түзілімдердің сулы горизонты (aQ_{III-IV}) Лепсі, Басқан, Ақсу, Сарқанд; Биен өзен аңғарларында сызықты созылып жатқан, жайылмалық және бірінші жайылма үстілік терраса түзілімдеріне ұштасқан. Аллювиалды түзілімдер литологиялық кұмдақты толықтырушысы бар гравийлі – малтатастармен, кұмдармен, қайта кабаттасатын кұмтас, саздақ және саздармен ашылған.

Жоғарғы төрттік аллювиалды –көлдік түзілімдердің сулы горизонты (aQ_{III}) аумақтың орталық және батыс бөліктерінде енді жолақта таралған және

саздар, саздақтар мен құмтастардың қабатшалары бар гравийлі – малтатастар мен құмдақтардан тұрады. Барлық қабаттың максималды қалыңдығы 30м жетеді.

Ортаңғы жоғарғы-төрттік аллювиалды-көлдік түзілімдердің сулы горизонты (аQ_{II}) Сандықтас – Шолақ жарылымының солтүстік бөлігінде белгіленген, онда 7,0м дейінгі қалыңдықты эолды құмдармен жабылған.

Ортаңғы-төрттік аллювиалды пролювиалды түзілімдердің сулы горизонты (арQ_{II}) аумақтың оңтүстік бөлігінде кеңінен таралған және Талдықорған гидрогеологиялық экспедициясымен бұрғыланған, көптеген ұңғымалармен ашылады.

Төменгі-төрттік аллювиалды-пролювиалды түзілімдердің сулы горизонты (арQ_I) ортаңғы төрттік аллювиалды пролювиалды түзілімдердің сулы горизонты сияқты таралған.

Жоғарғы-плиоцн түзілімдері, хоргосс свитасының сулы горизонты (N₂hr) аумақта кеңінен таралған. Сулы таужыныстардың қалыңдығы өзгермелі, ойпандарда 30м жетеді, ал көтерілімдерде 5м дейін азаяды. Жерасты сулары деңгейінің жатыс тереңдігі 75-215м.

Аз суланған ортаңғы-жоғарғы плиоцен түзілімдерінің, іле свитасы (N₂il) қарастырылып отырған аумақтың айтарлықтай алаңын алып жатыр және саздар, құмдар, гравийлі-малтатастармен ашылған.

Аз сулы палеоген түзілімдері (P) құмның қабатшалары мен линзаларында, кейде саздардың ішінде гравий мен ұсақ малтатаста (қалыңдығы 1-9м). белгіленген. Олар 197-942м тереңдікте жатады.

Су өткізгіш қазіргі эолды түзілімдер (аQ_{III-IV}) аумақтың солтүстік жартысында, қырқалар мен төбелер түрінде кеңінен таралған және грунт сулары деңгейінен жоғарыда жатады.

Су өткізгіш жоғарғы төрттік – қазіргі делювиалды-пролювиалды түзілімдер (арQ_{III-IV}) таулы массивтің етегі бойында жіңішке жолақта дамыған (5-8км дейін).

Су өткізгіш жоғарғы төрттік аллювиалды–пролювиалды түзілімдер (арQ_{III}) Басқан, Сарқанд, Ақсу, Биен өзендерінің ысырынды конустарының шыңында жатады. Сусыз қойтасты-малтатастармен, саздардың жеке линзаларымен ашылған және ортаңғы төрттік аллювиалды-пролювиалды түзілімдерде тікелей жатады.

Су өткізгіш ортаңғы төрттік эолды түзілімдер (аQ_{II}) аумақтың тауалды бөлігінде және шығысында таралған. Олар сары топырақ түріндегі саздақтардан тұрады.

2.1 Кесте - Болашақты суды пайдалануды есептеу

Реттік №	Елді –мекеннің, телімнің атауы	Тұрғынлар саны, адам	Суды пайдалану, ыл/тәулік (м ³ /тәу)	Нормативті құжаттар
1	Есеболатов ауылы	1437	261534 (261,534)	СНиП ҚР 4.01-02-2009

2.2 Кесте - Жобаланып отырған ұңғымалар мен белгіленген жерде бар бұлақтардың координаттары

Реттік №	Елді –мекеннің, телімнің атауы	Ұңғымалардың координаттары		
		С.Е.	Ш.Б.	Абс.белгі., м
1	Есеболатов ауылы	45°24'16.7"C	79°34'53.5"В	607

2.3 Кестеде барлап тексерудегі жүріп өткен арақашықтық туралы деректер келтіріледі.

2.3Кесте - Жұмыс телімдері арасындағы барлап тексерудегі жүріп өткен арақашықтық

Көшулер		Ұңғыманың тереңдігі, м	Қашықтық, км
бастап	дейін		
1	2	3	4
База-Талдықорған қаласы	Есеболатов ауылы	120	126

Есеболатов ауылының телімі

Есеболатов ауылын сумен қамтамасыз ету елді-мекеннен 3,6км –де таулы шатқалда орналасқан, шегендеу құрылымы есебінен жүзеге асырылады. Көлемі 150м³ екі резервуар бар. 2016 жылы ауылды сумен қамтамасыз ету жүйелеріне толық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аумақта жұмыс жасап тұрған су айдайтын мұнара бар.

Жобаланып отырған №7097 іздеп-барлау ұңғымасы ауыл аумағында алдын ала белгіленген (3.1 сурет). Жобалық ұңғыманың географиялық координаттары солтүстік ендікте 45°24'16.7"C, шығыс бойлықта 79°34'53.5"В, альтитуда 607м.

Жобаланып отырған №7097 ұңғыманың геология – литологиялық қимасы бұрында бұрғыланған ұңғымалардың қимасы бойынша жасалды және 1:200 000 масштабтағы L-44-XX парақтың гидрогеологиялық түсірімінің деректері бойынша түзетулер енгізілді.

Есеболатов ауылында жобаланып отырған №7097 ұңғыманың жобалық қимасы №620 және 1460 ұңғымалар бойынша алынды және келесідей түзілімдермен ашылған .

Іздеп –барлау ұңғымаларының тереңдігі мен конструкциясы, іздеп –барлау жұмыстарының оң нәтижесінде, оны ары қарай пайдаланылатын ұңғымалар ретінде пайдалануды ескере отырып, жұмыс телімінде жерасты суларының қалыптасуының геология – гидрогеологиялық және геоморфологиялық жағдайларына байланысты анықталды.

Сөйтіп, Есеболат ауылында жобалық кезеңдегі жұмыстар нәтижесінде сумен қамтамасыз етудің негізгі параметрлері анықталды және іздеп –барлау ұңғымаларын бұрғылау жобаланады.

2.4Кесте- Алматы облысы, Сарқанд ауданы, Есеболатов ауылын шаруашылық – ауыз сумен қамтамасыз ету қажеттілігі

Реттік №	Елді – мекеннің атауы	Тұрғынлар саны, адам	Болашақта 2және 1,3 коэффициенттерін ескеру арқылы суға қажеттілік		
			м ³ /тәулік	дм ³ /с	м ³ /сағат
1	Есеболатов ауылы	1437	201,18	3,03	10,09

Сөйтіп, С₁категориясы бойынша осы жоба бойынша бағаланатын жерасты суларының пайдаланылатын қорларының жалпы көлемі 27,53дм³/с, 99,12м³/сағатнемесе 2378,92м³/тәулікті

3Жобаланатын жұмыстардың түрі, көлемі мен әдістемесі

Жерасты суларының қорымен қамтамасыз ету үшін іздеп - барлау жұмыстарының түрі, көлемі мен әдістемесі бірнеше факторларға байланысты: олардың негізгілер жұмысты жүргізуге техникалық сипаттамасының талаптары, барлау телімінің геологиялық құрылымы мен гидрогеологиялық жағдайы, гидрогеологиялық зерттелу дәрежесі, сол немесе басқа сулы горизонт немесе кешеннің жерасты суларын алудың экономикалық тиімділігі болып табылады.

Іздеп барлау- жұмыстарын жүргізу радиусы суды тұтынушыға дейін 15км жоғары болмауы керек. Барлау тереңдігі шектелмейді.

Қазіргі әдістемелік нұсқауларға сәйкес, жоба бойынша жүргізілетін жұмыстар төмендегідей жүйелілікте орындалады:

- жұмыс телімін гидрогеология-экологиялық тексеру;
- ұңғымаларды бұрғылау;
- ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер;
- ұңғыма сағасын жабдықтау;
- тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар;
- жерасты суларын сынамау мен зертханалық зерттеулер;
- стационарлырежимдік бақылаулар;
- камералдық жұмыстар мен есепнама жасау.

Режимдік бақылаулар 1 календарлық жыл бойында жүргізіледі. Жоба бойынша барлық жұмысты орындауға 24 ай қажет.

Жобалаудың бірінші кезеңінде жұмыс телімі бойынша жарыққа шыққан және фондылық материалдар зерттелді. Жобалау өткен жылдардағы фондылық материалдар мен жарыққа шыққан әдебиеттерді, жинау, зерттеу, талдау және жүйелендіруді, жобаның графикалық және мәтіндік бөлігін жасауды, сол сияқты компьютерде өңдеуді, графикалық және мәтіндік бөлікті теру мен смета жасауды қамтиды.

Жобалаудың екінші кезеңінде гидрогеологиялық және геоэкологиялық маршрутты зерттеулер жүргізілді. Маршруттар елді-мекендер мен алаңдар аумағының геология-гидрогеологиялық және геоэкологиялық жағдайларын зерттеу, қазіргі сумен қамтамасыз ету сұлбасын анықтау, елді-мекендегі тұрғындар саны туралы дерек жинау, жерасты суларын ластаушыларды анықтау, Сарқанд ауданында, ауылдық округтердің әкімдерімен жобалық ұңғыманы орналастыру орнын алдын ала анықтау мақсатында жүргізілді.

Екінші кезеңнің жұмыстары төмендегі жұмыс түрлері мен көлемін қамтиды.

Топографиялық, гидрологиялық, гидрогеологиялық және басқа зерттеулердің, санитарлық тексерулердің нәтижелерін негіздеу және МЕМСТ талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы керек.

3.1 Бұрғылау жұмыстары

3.1.1 Ұңғыма конструкциясының негіздемесі

Жобаланып отырған жұмыстардың бір сатылы екендігі мен жұмысты орындауға уақыттың тығыздығын ескере отырып, бұрғылау жұмыстарын бір кезеңде жүргізу жоспарланып отыр.

Жобамен Алматы облысы, Сарқанд ауданы, Есеболат ауылын жерасты сулары қорымен қамтамасыз ету үшін іздеп -барлау жұмыстарын жүргізу қарастырылады. Жобаланған жұмыстар телімінің гидрогеологиялық жағдайы толық зерттелмеген. Жұмыс жасап тұрған сужинағыштар бойынша ақпарат жоқ. Бұл ұңғымалар бойынша құжаттар немесе қандай да бір құжат жоқ.

Жобамен қарастырылып отырған іздеп – барлау гидрогеологиялық ұңғымаларын бұрғылау мен оларды сынамаалау жерасты суларының сапалық және мөлшерлік сипаттамаларын зерттеу, жерасты сулары қорларын бағалау мақсатында гидрогеологиялық параметрлерді анықтау мен елді-мекендерді шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін жерасты суларын барлаудың негізгі әдісі болып табылады.

Бұрғылау жұмыстарының кешеніне кіреді: жұмыс телімінде ұңғымаларды орналастыру сұлбасын таңдау, ұңғыма конструкциясын таңдау, ұңғымаларды тікелей бұрғылау, бұрғылау бойынша олардың геологиялық құжаттамасы, ұңғымадағы геофизикалық зерттеулер, ұңғыманы пайдалану және сүзілулік бағанамен жабдықтау, ұңғыманы сазсыздандыру жолымен игеру және тәжірибелік-сүзілулік жұмыстарды жүргізу, ұңғыма сағасын жабдықтау.

Телім бойынша салынған геология – гидрогеологиялық қималар негізінде жобаланған ұңғыманың жобалық тереңдігі қабылданған.

Есеболатов ауылының телімі. №7097 жобалық ұңғыма. Телімнің геологиялық қимасының толық зерттелгендігін ескере отырып, жобамен 120м бойынша тереңдікте кернді алмай ұңғыманы бұрғылау қарастырылады. Ұңғыманың тереңдігі I-I сызығы бойынша гидрогеологиялық қимаға сәйкес анықталады.

0-20м аралықта 325мм диаметрлі кондуктор астында, 394мм диаметрмен бұрғылау қарастырылады және құбыр маңы кеңістігі 0-20м аралықта цементтеледі. Ары қарай, 20-120м аралықта ұңғыма сағасына дейін 219мм диаметрлі сүзгілік бағана астында 295,3мм диаметрмен бұрғылау қарастырылады.

ҰҒЗ әдісімен геофизикалық зерттеулер кешенін жүргізгеннен кейін ұңғыма 219мм диаметрлі сүзгілік бағанамен жабдықталады. Ұңғымада тесікті сүзгіні орнату ұсынылады. Сүзгінің беті 1,6мм қималы тотталмайтын болаттан оқалы тормен жабдықталады. Сүзгіні 70-95м; 107-117м аралықтарда орнату қарастырылады.

Сүзгіні орнату аралығы бұрылау аяқталғаннан кейін ұңғымада жүргізілген, геофизикалық зерттеулердің интерпретациясы мен каротажды жүргізгеннен кейін нақтыланады.

Бұрғылау жұмыстарының жалпы көлемі, бұрғылану категориялары бойынша іздеп -барлау ұңғымалары, бұрғылау диаметрі төмендегі 3.1кестеде келтірілген.

3.1 Кесте - Бұрғылау жұмыстарының жинақ кестесі

Реттік нөмірі	Елді - мекеннің атауы	Жобалық тереңдік, м.	Ұңғыманың №	Сулы горизонттың индексі
1	Есеболатов ауылы	120,0	7097	N ₂

3.1.2 Бұрғылау тәсілі мен бұрғылау станогын таңдау

Ұңғымаларды бұрғылау бойынша жұмыстар 1БА-15В бұрғылау станогымен, сазды ерітіндімен тікелей шаю арқылы, кернді алмай тұтас кенжар арқылы роторлы тәсілмен жүргізіледі. Жоғарыда аталған бұрғылау станогының техникалық сипаттамалары осы жобамен қарастырылған іздеп-барлау ұңғымаларын бұрғылауға мүмкіндік береді.

3.1.3 Бұрғылау агрегатын жөндеп-бөлшектеу

Бұрғылау жұмыстары алдында бұрғылау агрегаты астында 8·20м көлемді алаңша жоспарланады, грунтта сазды ерітіндіні дайындау үшін 2·2·1,5м көлемді зумпф қазылады.

Ұңғыманы қазу орнында тікелей циркуляциялық жүйенің астаушасында жуу сұйығын бұру үшін арналған, бағыттаушы құбырларды орнату үшін 2,0м тереңдікті, 0,8·0,8м шурф қазылады. Барлық қазу жұмыстары ІІІ категориялы грунттарда қолмен орындалады.

Қазу жұмыстарының көлемі құрайды:

- зумпф үшін $2 \cdot 2 \cdot 1,5 \cdot 7 = 42 \text{ м}^3$

- шурф үшін $0,8 \cdot 0,8 \cdot 2 \cdot 7 = 8,96 \text{ м}^3$

Жер қазу жұмыстарының жалпы көлемі $50,96 \text{ м}^3$ құрайды.

Бұрғылау қондырғысы үшін арнайы ағаш төсем орнатылады, штангтар үшін отырғыштар орнатылады және бұрғылау алаңына келетін жолдар

дайындалады. Жоба бойынша 6 жөндеу-бөлшектеу жұмыстарын жүргізу қарастырылады.

Станокты Есеболатов ауылы телімінен жұмыс теліміне дейін жеткізу мен қайтадан Есеболатов ауылына әкелу **214км**

3.1.4 Ұңғыма конструкцияларының негізі

Жобаланатын іздеп-барлау ұңғымаларының орналасуы елді – мекендерде немесе оларға жақын аумақтарда ауылды округтардың Әкімдерімен келісіледі.

Ұңғымаларды бұрғылау 1УРБ-3АМ немесе 1БА-15В бұрғылау станогымен, сазды ерітіндімен тікелей шаю арқылы, кернді алмай тұтас кенжар арқылы роторлы тәсілмен жүргізіледі. Ауыл үшін суға қажеттілік ауыл тұрғындары санына байланысты есептеледі.

Жобалық ұңғымалардың конструкциясы суға қажеттілік, жобалық қима мен телімдер бойынша қолда бар фактілік материалды ескеру арқылы таңдалған, таңдалған өнімді сулы горизонттардың жатыс жағдайлары негізінде бағандылар алынады. Шегендеу құбырларын таңдау келесі тарауда келтірілген.

Ұңғымаларды бұрғылау жерасты суларын іздеуде жұмыстардың негізгі түрлері болып табылады.

Жобалық ұңғыманы шегендеу үшін барлығы:

- 325мм диаметрлі құбырлар – 93,5 м.б.;
- 219мм диаметрлі құбырлар – 483,5 м.б. + 140м.б. = 623,5м.б.;
- 127мм диаметрлі құбырлар – 140м.б. + 41м.б. = 335м.б.;
- 219мм диаметрлі сүзгіні дайындау – 140м.б.и 127мм диаметрлі– 41 м.б..

Цементтелетін барлығы – 90 м.б. Бұрғылау диаметрі 394мм болғанда, құбыр диаметрі 325мм– 100 м.б.

Цементті ерітіндінің қату уақыты кондуктор мен бағыттаушы бағана үшін 24 сағатты құрайды:

- $9\text{скв} \cdot 3,43 = 30,87\text{ст/см}$.

3.1.5 Ұңғыманы бұрғылау технологиясы

Ұңғыманы бұрғылау сазды ерітіндімен тікелей шаю арқылы қарастырылады. Бұрғылау үшін сазды ерітінді жоғары сапалы бентонитті саз мен судан дайындалады. Ерітіндінің орташа параметрлері келесідей:

- үлестік салмағы $1,2\text{ г/см}^3$ (бұрғылауда процесінде реттелетін, шламды көтеру үшін минималды үлестік салмақпен ерітінді қолданылады).
- СПВ-5 бойынша тұтқырлық – 20 - 30 сек.
- суқайтарымдылық – $5-10\text{ см}^3$

- тәуліктік тұнба – 3-4пайыз.
- құмның құрамы - 2-3пайыз
- сазды қабаттың қалыңдығы- 2,0см көп емес
- тұрақтылық - 0,04-0,05

Сазды ерітіндіні дайындау үшін $1,9 \text{ т/м}^3$ үлестік салмағы бар бентонитті саз қолданылады. Сазды ерітіндіні қолдану арқылы бұрғылаудан кейін табиғи суқайтарымдылықты қайта қалпына келтіру маңызды болып табылады. Ұңғымаларды сазсыздандыру екі кезеңде жүргізіледі, алдымен бұрғылау насосы көмегінде таза сумен ұңғыманы жуу жүзеге асырылады, жуу сұйығы тазарған сайын снаряд ақырындап забойға дейін түсіріледі

Грунттардың құрамын есептейтін коэффициент $K=6$.

$$V = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot L \cdot K}{4} \text{ м}^3 = \frac{3,14 \cdot (0,2)^2 \cdot 325 \cdot 6}{4} = 61,23 \text{ м}^3 \quad (1)$$

$$V = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot L \cdot K}{4} \text{ м}^3 = \frac{3,14 \cdot (0,2953)^2 \cdot 570 \cdot 6}{4} = 234,11 \text{ м}^3 \quad (2)$$

$$V = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot L \cdot K}{4} \text{ м}^3 = \frac{3,14 \cdot (0,3937)^2 \cdot 90 \cdot 6}{4} = 65,7 \text{ м}^3 \quad (3)$$

Жуу сұйықтығының шығын коэффициентін ескергенде барлығы $1,1 - 397,15 \text{ м}^3$.

Бұрғылау режимі ұңғыманы бұрғылауда оның забойында фактілік геологиялық қима мен бұрғылау агрегатының техникалық мүмкіндіктеріне байланысты таңдалады.

4 Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеу

Геофизикалық зерттеулер ұңғымада төмендегідей мақсаттарда жүргізу қарастырылады:

- ұңғыма қимасының литология-стратиграфиялық бөлшектенуі;
- таужыныстарының радиоактивтілігін зерттеу;
- тереңдік бойынша бөлінген, өткізетін (құмдақты) аралықтардың жатыс тереңдіктерін анықтау;
- сулы горизонттарды ашу тереңдіктерін анықтау;
- сүзгінің жұмыс жасайтын бөлігін орнату аралықтарын нақтылау;
- жерасты суларының минералдылығын алдын ала анықтау.

Зерттеулер СК–1–74 каротажды станциясымен жүргізіледі.

Алға қойған тапсырмаларды шешу үшін төмендегі әдістер кешені жобаланады:

1. Стандарттыэлектрліккаротаж;
2. Кавернометрия;
3. Гамма-каротаж;

4.1 Ұңғымалардың сазсыздануы

Барлық ұңғымаларды бұрғылауда сазды ерітіндіні пайдаланумен байланысты жобамен сүзгіні орнату аралықтарында сулы горизонттың суқайтарымдылығын қайта қалпына келтіру бойынша жұмыстар қарастырылады.

Ұңғыма оқпаны маңында сулы қабаттың бөлігінде суқайтарымдылықты қайта қалпына келтіру бойынша жұмыстар ұңғыманы сүзгілік бағанмен жабдықталғаннан кейін қарастырады. Суқайтарымдылықты қайта қалпына келтіру жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүзеге асырылады:

Сүзгілер мен ұңғыма қабырғаларын шаю НБ-32 немесе МГР-9бұрғылау сорабының көмегімен, бұрғылау құбырлары арқылы таза сумен қарастырылады.

